Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген пәндердің жұмыстары жүйелі Мерейтой иелерінің кештері	Әлемжелінің әсері Ұлттық кодтың қызықтармауы	Мектепте жарияланған құндылықтарға бейімделуі Желілік жүздесулер Театр қойылымдарына бару	Оқушылардың әлемжелі ықпалымен уақытын жоғалтуы Оқушылардың жеке даму траекториясы

Патриоттық рух пен тарихи шығармалар	Оқушылардың бойында қуаныш, жетістік және мақтаныш сезімінің жиілігі төмен	Музейге сахат	Өмірлік құндылықтарға негізделген адами қарым-қатынас (дебат, әңгіме, кездесу кештері)
--------------------------------------	--	---------------	--

8-бағыт. Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары

S:Ішкі мықты жақтары	W:Ішкі осал жақтары	O:Қолайлы мүмкіндіктер	T:Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
<p>Білім алушылардың спортқа көзқарасы жоғары</p> <p>Мектепте спорт апталықтарын, спорттық сайыстарды өткізу</p> <p>Сыныптан тыс түрлі үйірмелерге, марафондарға, эстафеталарға қатысу көрсеткіші жоғары</p> <p>Бастауыш сыныптардың ыстық тамақпен қамтылуы 100%</p>	<p>Оқушылардың тамақтану режимін сақтамауы</p> <p>Толыққанды тамақ жемеуі</p> <p>Мектеп спорт алаңқайының жетіспеушілігі</p> <p>Оқушылардың денсаулығына мектептің оң әсері</p>	<p>Оқушылардың сауықтыру орындарында демалуға жолдама берілуі</p> <p>Түрлі спорттық шараларға қатысу мүмкіндігі</p>	<p>Ортақ спорт алаңдарындағы балалардың қауіпсіздігі</p> <p>Үйірмелер мен секция жұмыстарының ұсынылуы</p> <p>Мектептегі заманауи кеңістіктің тартымдылығы – 47,3 %</p>

Мектептің даму бағдарламасы

Мектептің даму бағдарламасына өзгерістер енгізудің дәлелі (4 және 6-бағыт)

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2028-2029
4-бағыт. Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар							
1.	Инновациялық қызмет мәселелері бойынша БАҚ құралдарына педагогикалық идеяларды жариялау үлесі (20%)	пайыз	20%	24%	37%	43%	55%
1.1	Іс-шаралар Кәсіби мотивациялық коучинг: «Талантты менеджмент» Педагогтің табысты тәжірибесін тарату семинар-практикумы: «Табысты тәжірибе» «Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі» Бизнес жобалар клубы: «Идеядан бизнеске...» Краудфандинг жобасы	Ғылыми-танымдық басылымдарда педагогтердің инновациялық мәселелер бойынша жарияланымдарының үлесі көбейеді. Идеяларды дамыту мүмкіндігі қалыптасады.					
2.	Педагогтердің жеке авторлық бағдарламаларын байқауға ұсыну (3)	саны	3	8	15	20	30
2.1	Іс-шаралар Кәсіби сұхбат: «Ізденістен нәтижеге дейін...» Педагогикалық форсайт-сессия Қазақ тілі квест (Дж.Коттер тәсілдемесі) TEDx: «Менің авторлық бағдарламаны жақсартудағы әрекетім қандай?» Педагогикалық батл	Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артады. Жеке авторлық бағдарламалар әзірлейді. Байқау жеңімпаздары атанады.					
3.	Құзыреттілікті бағалау құралы ретінде мәнмәтіндік міндеттер әзірлеу (7)	пайыз	7%	14%	25%	35%	40%
3.1	Іс-шаралар Реинжиниринг: Мәнмәтіндік міндеттер әзірлеудегі желілік кәсіби ынтымақтастық Тәжірибе алмасу Портфолио Есептік жазба: «Құзыреттілікті бағалаудағы мәнмәтіндік міндеттерім қаншалықты әзір?...» «Педагогикалық өнертабыс» (Хайеттің ADKAR оқыту моделі негізінде)	Құзыреттілікті бағалау бойынша мәнмәтіндік тапсырмалар базасы құрылады. Оқушылардың кәсіби құзыреттілігі қалыптасып, алған білімдерін өмірде қолдана алады.					
4.	Жас мамандардың өзіндік білім көтеру динамикасы (50%)	пайыз	50%	60%	75%	85%	90%
4.1	Іс-шаралар Психологиялық тренинг: «Тәлімгерден бір күн»	Жас мамандарға кәсіби қолдау көрсетіледі, педагогикалық кәсіби шеберлігі артады, кәсіби дамуға ұмтылады.					

	Ашық диалог алаңы: «Кәсіби сөну синдромын жеңудің психологиялық факторлары» Педагогикалық сенбілік (Дж.Коттер тәсілдемесі негізінде) Өзіндік рефлексия: «Менің білім көтеру динамикам қандай деңгейде?» Кәсіби білім байқауы: «Жас маман мен тәлімгер»						
5.	Инклюзивті оқытуды жүргізуде бейімделген бағдарламалар әзірлеу (13)	пайыз	13%	20%	25%	30%	40%
5.1	Іс-шаралар Әдістемелік керуен: «Инклюзивті сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру» Педагогикалық эксперимент: «Инклюзивті білім берудегі озық тәжірибе» Ықшам сабақ: «Ерекше балалар ескерусіз емес» Коучинг: «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кедергісіз білім беру ортасын ұйымдастырудың маңыздылығы» Балок-Баттен жобалық тәсілдемесі: «Кедергісіз келешек»	Бейімделген сабақты оқыту және жоспарлау бойынша жұмыстар жүйеленеді. Ерекше білім беруге жағдай жасалады. Кедергісіз білім беру ортасы құрылады.					
6.	9-11-сынып оқушылары үшін алдын ала кәсіптік емтихан тапсыру мүмкіндігі (35)	пайыз	35%	40%	45%	50%	55%
6.1	Іс-шаралар Ресми сұхбат: «Оқушыларға кәсіби емтихан қаншалықты қажет?» Менторинг «Менторлық қозғалыс: жаңа жоба жастраға жол сілтейді» «Табысты тұлғалар кеңесі» (Дж.Коттер тәсілдемесі негізінде) Lesson Study, Action Research зерттеу топтарының жұмысы: «Кәсіптік бағдарланудың тиімді тәсілі» Мастер-класс: «Кәсіпке ерте жастан бейімделу»	Оқушыларға мамандық таңдауда практикалық қолдау көрсетіледі. 11-сыныпқа дейін мамандық таңдау туралы нақты шешім қабылдайды. Бітіруші түлектердің кәсіби жетістікке жетуге деген ынтасы артады.					
7.	Жыл сайын 6-сынып бітірген оқушылардың зияткерлік мектептерге ауысу жағдайлары (27%)	пайыз	27%	25%	20%	15%	10%
7.1	Іс-шаралар Брифинг: «Білім алушылар үшін зияткерлік орта қалыптастыру» Бенчмаркинг: «Мектеп білім алушы ұйымға қалай айнала алады?» Киноклуб Әдістемелік кеңес: «Біз белгілі бір оқу мақсаттарына жету үшін не істейміз?» Бриджестің «Өтпелі кезеңді басқару» моделі негізінде 6-сынып ата-аналарын үйірмелердің, секциялардың, студиялардың жетекшілері ретінде оқушылармен тәрбие жұмысына тарту	Оқушылар мен ата-аналардың сұраныстарына сәйкес сапалы білім алуға және жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жағдай жасалады, оқушылардың зияткерлік мектептерге ауысу көрсеткіші төмендейді.					
6-бағыт. Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы							
1.	Оқушылардың зияткерлік қабілетін ашатын онлайн сайыстарға қатысуы(52%)	пайыз	52%	62%	65%	70%	85%

1.1	Іс-шаралар Еркін диалог алаңы Мотивациялық тренинг: «Бәрін білгім келеді» «Мобильді шәкірт» тәжірибелік алаң Рефлексивті жазба: «Менің Олимп шыңым» «Өзгерістерді басқару айсбергі»	Дарынды оқушылар саны артады. Оқушылар ойлауының өзіндік икемділігі, еркіндігі дамиды. Зияткерлік қабілеттері артады. Сайыстарға қатысу үлесі жоғарылайды.					
2.	10-11-сынып оқушыларының шет тілі: халықаралық сертификатталуы(0%)	пайыз	1%	3%	5%	7%	10 %
2.1	Іс-шаралар Пікір алмасу: Білім алушылардың халықаралық сертификат талуында қандай кедергілер болады? Халықаралық зерттеу жобалары мен хакатондарға қатысу мүмкіндіктерін ұйымдастыру Тимбилдинг «WordSkills Kazakhstan Junior» халықаралық қозғалыс арқылы шеберлік дағдыларын дамыту Маурер моделі	Білім сапасы көтеріледі. Оқушылар екінші шет тілін үйрену қажеттілігін түсінеді және халықаралық олимпиадаларға, жобаларға қатысады.					
3.	12-15 жастағы балалардың қабілетін дамыту бағыты бойынша жұмыстар үлесі (туристік-өлкетану, жаратылыстану, техникалық, спорттық) (20%)	пайыз	33%	47%	52%	60%	80%
3.1	Іс-шаралар Сауалнама алу Кейс-сессия Құрылымдалған сұхбат Волонтерлік (К.Левиннің өзгерістер моделі (қозғаушы және шектеуші күштер)) «Креативті жобалар» (Agile Project Manage (APM))	Оқушылардың танымдық, мотивациялық даму аймақтарының деңгейі, әр түрлі бағыттағы оқушылардың дарындылық дәрежесі бойынша жеке даму картасы жасалады, әр оқушыға жеке қолдау көрсетіледі.					
4.	10-11-сынып оқушыларының шетелдік кампустағы білім алу траекториясы (интенсивті тіл практикасы, алдыңғы қатарлы ғаламдық тәжірибе-0%)	пайыз	0%	25%	33%	42%	50%
4.1	Іс-шаралар Пікір алмасу: «Халықаралық және отандық тәжірибедегі білім алу траекториясы» Олимпиадалар және ғылыми көрмелер Мониторинг: Еліміздегі және шетелдегі білім беруді дамытудағы негізгі үрдістерді айқындау және солардың негізінде білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жетілдіру бағыт арын әзірлеу Медиамарафон Ынтымақтастықтың бірыңғай перспективасын құру (Вайсбордтың «Өзгерістер калейдоскопы» бойынша)	Оқушылар шет тілін үйренуге деген қажеттіліктерін орындайды. Сыртқы ортамен байланыс орната отырып, өзін қосымша дамытуға мүмкіндік алады. Әлемдегі ең үздік университетке түсуге ұмтылады.					
5.	Оқушылардың пікірталасқа қатысу, тәуелсіз мәлімдемелер жасай алу құзыреттілігі (45%)	пайыз	45%	50%	55%	60%	65%

5.1	<p>Іс-шаралар Оқушылардың сұрауларын зерттеу Уәждемелік хат «HardSkills» дағдысын қалыптастыру мотивациялық тренинг Педагогикалық дизайн: «ADDIE»: «Академиялық адалдық, академиялық еркіндік принциптері» Фасилитация: «Оқушы құзыреттілігінің даму прогресі»</p>	Оқушылардың белсенділігі, шығармашылық ойлау деңгейі артады. Академиялық шынайылық, адалдық, еркіндік қалыптасады.					
6.	Қоғамдық пән мұғалімдерінің бжб, тжб құрастыру қабілеттері (50%)	пайыз	50%	65%	75%	80%	85%
6.1	<p>Іс-шаралар Коучинг-сессия «Педагогикалық квест тарих сабағында...» Әдістемелік жәрмеңке (Дж.Коттер тәсілдемесі) Ықшам сабақ Шебер ұстаз шеберханасы: «Әдістемелік лайфхак»</p>	Оқу үлгерімі мен білім сапасын жақсарту бойынша педагогтерге қолдау көрсетіледі. Мұғалімдер құзыреттілігі артады. Сараланған тәсілдер арқылы тапсырма құрастыруға дағдыланады.					
7.	Қосымша білім берумен қамту және кедергісіз орта қалыптастыру (30)	пайыз	30%	35%	40%	50%	60%
7.1	<p>Іс-шаралар Қосымша білім беру ұйымдарымен серіктестік қатынас Бейресми және ресми қауымдастық Мектеп есебінен үйірмелер мен секциялар өткізу туралы ұйымдармен келісім шарттар жасасу Стейколдер сұранысын қанағаттандыру мақсатында демеушілерді тарту Меценаттық мүмкіндіктерді арттыру</p>	Мектептің оң имиджі және жайлы орта қалыптасады. Стейкхолдерлер сұранысы қанағаттандырылады. Қосымша білім беру жүйесі жақсарады. Оқушылар өз білімдерін қосымша оқу сабақтары, үйірмелер арқылы толықтырады және өзара әлеуметтенуі мен өзін-өзі тануы артады.					



МАҚСАТЫ: мектеп оқушыларын шебер сөйлеу мен сауатты жазуға үйрету, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша емтихандарға дайындық және «Qaztest» қазақ тілін меңгеру деңгейін, бағалау жүйесін арқылы біліктілік деңгейін жоғарлатуға дайындық жасау.

МІНДЕТТЕРІ:

«Айтылым әрекеті зертханасы» аясында шебер сөйлеуге үйрету,

«Академиялық жазылым зертханасы» аясында сауатты жазуға үйрету

«Грамматикалық өнер зертханасы» аясында қазақ тіл білімінің метатілін орта мектеп деңгейіне сай меңгерту

«Оқу сауаттылығы зертханасы» аясында ұлттық дүниетанымын қалыптастыру

«Тыңдалым дағдысы зертханасы» аясында тіл арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру, әлемді қазақ тілі арқылы тану

«Ахметтану зертханасы» аясында А.Байтұрсынұлының лингвистикалық мұрасын жан-жақты зерттеу



Қызылорда облысының білім басқармасының 2024 жылғы № _____ " _____ " жобасын ендіру туралы" БҰЙРЫҒЫ

“ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ” жобасы ендірілетін “тірек білім беру ұйымы” ретінде – “Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №211 орта мектебі” КММ бекітілді



А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №211 ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ

Мақсаты – мектеп оқушыларын шебер сөйлеу мен сауатты жазуға үйрету. Тілтаным мектебінде 1-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқушының дұрыс сөйлеуі мен сауатты жазуына қажетті грамматиканы (фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис, стилистика) шиыршықтау әдісімен жайдан күрделіге қарай меңгертудің жолдары **зерттелетін және тәжірибе жүзінде іске асады.**

Осы мақсатқа жету үшін мектепте **6 ғылыми-зерттеу зертхана жұмыс жасайды.**

1. АЙТЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Мақсаты – дұрыс, шебер сөйлеуге үйретеді. Барлық стильде ауызша мәтін тудыру дағдысын жетілдіреді.

Мектеп мұғалімдері ауызша мәтін талдауға қандай мазмұндағы мәтіндер алынуы керек екендігін анықтайды, оларды типтейді, стилін, жанрын анықтайды. Оқушыға дәл сондай стиль мен жанрда мәтін тудыру дағдысын қалыптастырудың жолдарын зерттейді, көрсетеді, бағдарлайды.

Мектеп оқушылары тілдік нормаға сай ауызша мәтін тудыра алу үшін мәтінді таниды, оның жанрын, стилін ажыратады. Онда қолданылған тілдік бірліктерді талдайды.

2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Мақсаты – сауатты жазуға үйретеді. Барлық стильдің жанрларында жазбаша мәтін тудыру дағдысын қалыптастырады.

Мектеп мұғалімдері күнделікті қарым-қатынас үшін өзекті әлеуметтік-мәдени, ғылыми, ресми-іскери және оқу салалары бойынша жазбаша мәтіндердің теориялық және практикалық мәселелерін зерттейді, жазбаша мәтін құрастырудың жолдары мен әдістерін көрсетеді. Оқушыларға академиялық мәтіннің басты жанрларын, оларды ресімдеу тәртібін, эссе жазу ережелерін меңгертеді.

Мектеп оқушылары күнделікті қарым-қатынас үшін өзекті әлеуметтік-мәдени, ғылыми, ресми-іскери және оқу салалары бойынша жазбаша мәтіндерді жазуды үйренеді. Нәтижесінде орфография мен пунктуацияны сақтап дұрыс жазуды (диктант жазу), жай сөйлемдерді құрастыруды (сұрақтарға жауап беру), мағыналас сөздерді пайдалануды, ақпаратты өздігінен түсініп, оны сараптап, дұрыс таңдауды, сұрақ қойып, оған өз ойы мен пікірін бере білуді (диалог құру), мәтінге жоспар құруды (ғылыми жоба жоспарын құру), тыңдалған мәтіннен негізгі мәліметтерді, мәтіннің мәнін логикалық түрде жазуды, мәтін бойынша өз ойын, көзқарасын, пікірін аргументтерді пайдалана отырып жазуды (мазмұндама, шығарма, эссе жазу), тақырыпты өз сөзімен ашып, логикалық түрде ойын жеткізе білуді, сөз етіп отырған жайды рет-ретімен, ұсынылған тірек сөздерді қолданып, жүйелі баяндауды, айтылған пікірді жинақтап, тұжырымдап, қорытынды жасауды (ғылыми жоба жұмысы) меңгереді.

3. ГРАММАТИКАЛЫҚ ӨНЕР ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Мақсаты – қазақ тіл білімінің метатілін орта мектеп деңгейіне сай меңгерту (орта мектепке сай лингвистикалық білім беру, тіл бірліктерін тану, талдау, мәтінтану, мазмұнын, құрылымын, стилі мен жанрын ажырата білу).

Мектептегі қазақ тілі пәні мектеп оқушысына академиялық білім беріп, коммуникативтік дағды қалыптастырады. Берілген лингвистикалық білім мәтін тудыру кезінде тілдік норманың сақталуын қамтамасыз етуге жарамды болады.

Мектеп мұғалімдері өздерінің біліктіліктерін артырып, авторлық жобалар ұсынып, педагогикалық семинар-тренингтер ұйымдастыратын болады.

Мектеп оқушылары қазақ тіл білімінің метатілін меңгеру арқылы өз білімдерін қалалық, облыстық, республикалық т.б. пәндік олимпиадаларда, ғылыми жоба жұмысын жазуда сынайтын болады.

4. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Мақсаты – ұлттық дүниетанымын қалыптастыру (тіл арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру, аялық білімді меңгерту, әлемді қазақ тілі арқылы тану).

Мектеп мұғалімдері оқылымға ұсынатын мәтіндердің әлемнің қазақ тіліндегі бейнесін көрсететін мәтіндер болуын, тілдің мәні мен қызметіне қатысты анықтамаларымен сәйкес келуін, грамматикалық тақырыптармен, семантикалық категориямен байланысты болуын зерттеп-зерделейді. Публицистикалық және ғылыми стильдегі мәтіндерде грамматикалық тақырыптардың да түсіндірілуіне көңіл бөледі.

Мектеп оқушылары оқылған мәтіндегі жазушының көзқарасын, жеке пікірін анықтай алуды, негізгі ақпаратты ажырата алуды, оқиға мен фактінің логикалық байланысын түзе алуды, белгілі бір сипаттары бойынша ақпаратты топтастыра алуды, атау мен көркем құралдар бойынша мәтін мазмұнын болжауды, басты ойды анықтауды, қиын сөйлемдерге түсініктеме бере алуды, субъективтік ақпараттан объективтік ақпаратты айыра алуды, керекті фактілерді (мысалдар, дәлелдер, уәж) таба алуды т.б. білетін болады.

5. ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Мақсаты – ұлттық дүниетанымын қалыптастыру (тіл арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру, аялық білімді меңгерту, әлемді қазақ тілі арқылы тану).

Мектеп мұғалімдері оқушылардың жас ерекшелігіне қарай тыңдалымға ұсынатын мәтін көлемін (қысқа, шағын, орташа, ұзақ) анықтайды. Тыңдалым мәтіндерін (ауызекі сөйлеу тілі негізінде құралған диалогтер, сипаттамалық мәтіндер, БАҚ материалдары, әлеуметтік-мәдени саладағы диалогтер, әлеуметтік-тұрмыстық саладағы диалогтер, ресми-іскери саладағы диалогтер, іс қағаздар үлгілері, ғылыми-саяси саладағы сұхбаттар т.б.) деңгейлейді, осы бағытта өздері зерттеулер жүргізеді, авторлық жобалар, мақала, ғылыми жұмыстар жазады.

сөздік қорды пайдалануы (диалогті жалғастырыңыз);

Мектеп оқушылары тыңдалым дағдысын қалыптастыруда негізгі ойды түсінуді (диалогтің мазмұнын анықтау), ақпаратты жіктеуді (диалогке сәйкес/сәйкес емес ақпаратты табу), қажетті деректерді таба алуды (диалог қайда/ қашан/ кімдердің арасында өткенін анықтау), түйіндеуді (мәтіннің түйінін табу), қорытындылауды (мәтіннің қорытындысын көрсету), іс-әрекеттің себебін таба алуды (оқиғаның басталу себебін табу), көзқарас қалыптастыруды (сұхбаттасушының көзқарасын анықтау) т.б. меңгеретін болады.

6. АҚЫМЕТТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Мақсаты – ұлт ұстазы, реформатор ғалым А.Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректерінен бастап, әдеби, қоғамдық-саяси және ғылыми қызметінің барлық кезеңдерін қамти отырып, білім алушыларға лингвистикалық мұрасын жан-жақты таныстыру, оны зерттеп зерделеуге баулу.

Мектеп мұғалімдері А.Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректері, қоғамдық-саяси және ғылыми қызметінің кезеңдері, ол туралы замандастарының, орыс түркологтарының жазбалары, кейінгі заман ғалымдарының зерттеулері мен пікірлері, ұлт ұстазының грамматикалық, терминологиялық, әлеуметтік лингвистикалық, когнитивті лингвистикалық, лингвамәдениеттанушылық, әдістемелік мұрасы, олардың жаңашылдығы мен өміршеңдігі т.б. зерттеп-зерделейді. Осы бағытта авторлық жоба, мақала, ғылыми жұмыстар жазатын болады.

Мектеп оқушылары тұлғатану ұғымынан, ұлт ұстазының барлық кезеңдеріндегі әдеби, қоғамдық-саяси және ғылыми қызметінен, лингвистиканың түрлі салалары бойынша жазған еңбектерінен, тұжырымдарынан, ол туралы замандастарының, кейінгі заман зерттеушілерінің берген бағасы мен айтқан пікірлерінен хабардар болады. Нәтижесінде А.Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректерімен жете танысады, қазақ ғылымын, оның ішінде тіл білімі мен әдебиеттанудағы теориялық көзқарастары мен пікірлерін сараптай отырып, олардың жаңашылдығына, өміршеңдігіне сенімді болады, А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін жасаудағы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анықтаудағы, қазақ тілінің грамматикалық құрылысын талдаудағы, қазақ тілін оқытудың әдістемесін жасаудағы ұлан-ғайыр мұрасынан білім алады, ұлттық үлгіде термин жасау ұстанымдарының өзіндік ерекшеліктерін ұғынады, салыстыра алады, А.Байтұрсынұлының әлемдік тіл біліміндегі орнынан, тіл зерттеудегі жаңалықтарынан мәлімет ала отырып, ол негізін салған ұлттық лингвистиканың бүгінгі жетістіктері мен алдағы міндеттерінен хабардар болады.

АҚЫМЕТТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

р/с	Іс-шара атауы	Мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Әлеуметтік желіде жариялануы
1	«Қазақ үшін қасиетті есім» айдары	Білім алушыларға лингвистикалық мұрасын жан-жақты таныстыру, оны зерттеп зерделеуге баулу.	Ұзақ мерзімді, әр аптаның сәрсенбі күні	Ұлт ұстазының барлық кезеңдеріндегі әдеби, қоғамдық-саяси және ғылыми қызметінен, лингвистиканың түрлі салалары бойынша жазған еңбектерінен, тұжырымдарынан, ол туралы замандастарының, кейінгі заман зерттеушілерінің берген бағасы мен айтқан пікірлерінен хабардар болады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. https://www.facebook.com/100033218924893/videos/434091992430256/ 2. https://www.facebook.com/100033218924893/videos/402727856019353/
2	«Тұлғатану» айдары	Қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми-ағартушылық қызметінің әр кезеңіне қатысты мәліметтер жайлы ой бөлісу.	Ұзақ мерзімді. Әр айда бір рет ғалымдармен бірлескен онлайн вебинар	Ұлт ұстазының қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми-ағартушылық қызметінің әр кезеңінен мәлімет алады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. https://www.facebook.com/100033218924893/videos/7773392439361704/
3	«Ақымет және Қызылорда» оқушылармен танымдық саяхат.	А.Байтұрсынұлының Қызылорда қаласында тұрған жері, облыстық архивте сақталған қолжазбаларын танысу.	Ұзақ мерзімді 5-11 сыныптар Жыл бойында	Архив жұмысын көреді. Қолжазбаларды оқиды, танысады.	
4	Брифинг: «А.Байтұрсынұлының аудармашылық шеберлігі»	Аудармаларын ата - аналарымен бірлесе оқу арқылы тәрбиелік мәнін түсіндіру, өмірмен байланыстыру.	Қысқа мерзімді 20.09. 2024ж.	А.Байтұрсынұлының аудармашы ғана емес, ұлттық әдебиеттегі мысал жанрын дамытушы болғанын дәлелдейді.	
5	А.Байтұрсынұлы олимпиадасы (Қалалық, облыстық)	Дарынды оқушыларды анықтау, қолдау.	Қысқа мерзімді 15.11.2024ж.	Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау	
6	Киноклуб «Ұлт ұстазы» кинофильмі	Өмір жолын барынша қамтып, баяндауды мақсат еткен көркем суретті жаңа кинотуындыны көру.	Ұзақ мерзімді 5-11 сыныптар Жыл бойында	Ұлт ұстазының Қызылордада өмір сүрген кезеңінен қысқа метражды кинофильм түсіреді.	

АЙТЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

р/ с	Іс-шара атауы	Мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Әлеуметтік желіде жариялануы
1	«Сөз шебері болыңыз»	Сөйлеу мәдениетін дамыту. Сөзді орнымен қолдана отырып, сенімді және еркін сөйлеуге баулу.	Ұзақ мерзімді. Әр аптаның жұма күні	Сөз орынды қолдана отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.	
2	«Ақыл-ойдың көркі - тіл» айдар.	Тіл анық болмай, ой анық болмайды. Тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу.	Ұзақ мерзімді. Айын бір рет	Тілді шұбарламай сөйлеуге дағдыланады; сөз мәдениетіне нұқсан келтірмейді;	
3	«Ойдың тілі - сөз» айдары	Тілдік қатынас - адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, пікірлесу әрекетінің жемісі. Тіл мәдениеті арқылы тілдік норманы сақтап сөйлеу.	Ұзақ мерзімді. Айын бір рет	Тіл мәдениетін нормасын сақтап сөйлеу арқылы түсінісу әрекетін жетілдіреді.	

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

р/ с	Іс-шара атауы	Мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Әлеуметтік желіде жариялануы
1	«Сауаттылық- заман талабы»	Білім өлшемінің биік шыңы сауатты жаза білу, білімді сауатты жеткізе білу.	Ұзақ мерзімді. Айын бір рет	Сауатты жаза білу арқылы білімділігін таныта алады.	
2	«Ұлтты, артық білуге....»	Өз заманымыздың озық ойлы азаматы болудың шарты –жан-жақты білім жинау.	Ұзақ мерзімді. Әр аптаның жұма күні	Ойын, мақсатын айқындауда мағыналы жеткізе біледі.	
3	«Ғылым теңіз –білім қайық»	Ғылыми жобалар түрлі жазба жұмыстарын орындау барысындағы ойдың жүйелі берілуін меңгеру	Ұзақ мерзімді 5-11 сыныптар Жыл бойында	Эссе, шығарма, ғылыми жобалар жазу барысында жинақы, нақты жүйелі жазуды меңгереді.	

ГРАММАТИКАЛЫҚ ӨНЕР ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

p/c	Іс-шара атауы	Мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Әлеуметтік желіде жариялануы
1	«Театр жобасы»	Жастар театрымен бірлескен жұмыс, сахналық көрініс, танымал ақын-жазушылармен кездесу	Ұзақ мерзімді 5-11 сыныптар Жыл бойында	Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа таланттар жолын ашады.	
2	Қазақ елінің ғылымы	Білім мен ғылым дағдыларын өз бетінше игеру белсенділігін арттыру	Ұзақ мерзімді. 5-11 сыныптар	Оқушы қазақ тілі грамматикасын меңгереді.	
3	Әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтар	Ақыл-ой, интеллект, өткір ұғымдарға деген көзқарасын қалыптастыру	Ұзақ мерзімді. 5-11 сыныптар аралығында	Әлемдегі ғылыми жаңалықтармен танысады.	
4	Қазақ тілінің грамматикасы	Грамматика арқылы тілдік бірліктердің семантикалық, құрылымдық, функционалдық ерекшеліктерін меңгерту	Ұзақ мерзімді. 5-11 сыныптар аралығында	Ана тілінің қоғамдық - әлеуметтік мәнін түсінген тілдің қызметін, әдеби тіл нормаларын жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға қалыптасады.	

ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

p/ c	Іс-шара атауы	Мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Әлеуметтік желіде жариялануы
1	«Тыңдау сөйлеуден маңызды»	Тыңдалым дағдысы бойынша негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білуге үйрету	Ұзақ мерзімді 5-11 сыныптар Жыл бойында	Қабылдауға тиісті ойды анықтайды. Тыңдағанын, білгенін өмірде қолдана алады.	
2	«Тыңдай білу - өнер»	Тыңдай ,қабылдай білу арқылы еркін қарым-қатынас жасауға, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға машықтану	Жыл бойында Ұзақ мерзімді. 5-11 сыныптар	Тыңдау арқылы қарым-қатынасты жақсартады, шешім қабылдауға дағдыланады.	
3	«Жақсы тыңдаушы бола біл ...»	Айтылып жатқан мәліметті түсіну, өз пікірін білдіру, басқалармен мағыналы қарым-қатынас жасай алу жолдарын үйрену.	Жыл бойында Ұзақ мерзімді. 5-11 сыныптар аралығында	Мәлімет жайында түсінеді. Өз пікірін білдіру арқылы жағымды қарым-қатынас жасай алады.	

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

р/ с	Іс-шара атауы	Мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Әлеуметтік желіде жариялануы
1	«Оқимыз, түсінеміз, қолданамыз»	Оқушылардың оқуды қалай пайдалы және тиімді етуге болатыны түсіну, функционалдық оқу дағдыларын жақсарту.	Ұзақ мерзімді аптасына бір рет	Оқушылардың ойын толық жеткізе алуын, сөздік қорларын молайтуына, кітап оқуға деген ынталарын арттыру	YouTube Instagram Facebook
2	«Ойлан, ізден, талқыла!»	Оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, жүйелі сөйлеуге, ойын ашып айта алуға баулу;	Ұзақ мерзімді аптасына бір рет	Оқушыларды сөз өнеріне, көркем сөйлеуге дағдыланады.	YouTube Instagram Facebook
3	«Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз»	Білім алушылардың теориялық білімдерін кеңейтіп, жеке қабілетін дамыту	Ұзақ мерзімді аптасына бір рет	Тіл тазалығы үшін күреседі. Ұлттық құндылықтарды дәріптейді.	YouTube Instagram Facebook

«Іскер Ана» жобасы аясында атқарылатын жұмыстар

Мақсаты: қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, жөн-жоралғысын насихаттау, өскелең ұрпақтың бойына сіңіру, халықтың бойында ұлттық кодты қайта жаңғырту

р/с	Іс-шара атауы	Мазмұны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Әлеуметтік желіде жариялануы
1	«Ана – бала бақытының бағбаны»	Қазақ халқының ұлттық құндылықтары салт – дәстүрмен терең дәріс беру. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі ол – «қазақ қолөнері». «ұлттық киімдер» дәріштеу.	Ұзақ мерзімді аптасына бір рет	Оқушылардың ойын толық жеткізе алуын, сөздік қорларын молайтуына, кітап оқуға деген ынталарын арттырады.	YouTube Instagram Facebook
2	«Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, ұлыңа, халқыңды тәрбиелеймін десең, қызыңа тәлім бер»	.«Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» қағидасымен қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасы мәртебесін нығайту. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер дамыту.	Ұзақ мерзімді аптасына бір рет	Оқушыларды сөз өнеріне, көркем сөйлеуге дағдыланады. Рухани құндылықтарға бай әрі салт-дәстүрге қанық, тәрбиелі болып өседі.	YouTube Instagram Facebook
3	Қазақ халқының бала тәрбиесіне ерекшелігі	Ертеңгі ұрпақ ұлтжанды, отаншыл, патриот болып өссін десең, осы бастан ата – дәстүрімізді ардақтауды үйретіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірте білуіміз қажет.	Ұзақ мерзімді аптасына бір рет	Тіл тазалығы үшін күреседі. Ұлттық құндылықтарды дәріштейді.	YouTube Instagram Facebook

«Тілге бойлау» жобасы

Мақсаты. Қазақ тілінде білім алушылардың өз ойларын еркін, ауызша және жазбаша жеткізе алуын қамтамасыз ететін орта құру арқылы қазақ тілін меңгеру деңгейін жоғарылату және тілдік қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- сөз, сөйлем, сөйлеу туралы қарапайым түсінікті қалыптастыру;
- сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;
- білім алушылардың сөздік қорын байыту
- сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;
- тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;
- құндылықтарды түрлі іс-әрекеттер негізінде білім алушылардың бойына сіңіру;
- білім алушылардың ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- жеке тұлғалық әлеуеті мен қасиетін ашу;
- қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Сөз мағынасының түрлері туралы алғашқы ұғымды (терминсіз) меңгереді;
- сөйлеуде сөз мағынасының түрлерін (мәндес, қарама-қарсы) мағыналы сөздерді қолдана алады;
- Сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) жетік меңгереді;
- Сөз мағынасының түрлерін (атау мағынасындағы, сын-сипат мағынасындағы, сан мөлшер мағынасындағы, қимыл-әрекет мағынасындағы) сұрақ қою арқылы ажырата алады, қарым-қатынаста қолдана алады;
- Сөздің грамматикалық құрылысын меңгереді;
- Өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе біледі;
- Білім алушылардың бойында құндылықтар мен рухани адамгершілік қасиеттері қалыптасады;
- Тіл үйренуге деген ынталары артады;
- Мұғалімнің көмегімен сөздіктерді қолдана алады;
- Сөз әдебін, тілдік және этикалық нормаларды біледі, қолданады;

- Түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз көзқарасын білдіре алады, пікірталасқа түсе алады;
- Тіл және сөйлеудің айырмашылығын түсінеді;
- ойды жеткізудің ауызша және жазбаша түрлері болатынын біледі; жетелеуші сұрақтар арқылы монолог, сұхбаттар құра алады.

Қазақ тіліне бойлата оқытудың негізгі қағидалары:

- балалардың барлығын және әрқайсысын дамытуға жағдай жасау;
- тілдік орта құру және оны тиімді пайдалану;
- «Бір педагог – бір тіл» қағидасын ұстану (тек қазақ тілін қолдану, аударма жасамау);
- педагогтың грамматикалық тұрғыдан жеңілдетілген дайын тіркестерді қолдануы және вербалды емес контекстпен байланысты сөздік қорды тірек етуі;
- тілді үйретуде күнделікті қалыпты жағдайларды қолдану;
- оқыту ортасын баланың жас ерекшелігіне бейімдеу;
- тілдік ойындар ойнату, түрлі белсенді әдіс-тәсілдер, қимыл-қозғалыстар мен ым-ишаралар арқылы түсінуді қамтамасыз ету, қолдау;
- ұлттық аспаптарда ойнаудың қарапайым түрлерін меңгеру арқылы тіл дамуына әсерін тигізетін ұсақ маториканы дамыту;
- қарапайымнан күрделіге бағыттау қағидасын сақтау, бірге қайталату;
- баланы тілді қолдануға ынталандыру, қызықтыру арқылы мазмұнды кеңейту;
- балалардың сөйлеуде кеткен қателіктерін «қате» деп айтпай, оның сол қатені өзінің түзетуіне ықпал ету (педагог дұрыс сөйлеу үлгісін көрсетеді).

Бағдарламаның даму кезеңдері

Мектептің педагогикалық кеңесі, қамқоршылық, әдеп кеңесі қадағалайды;
 Онда мониторинг нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, білім беру саясатының басым бағыттарындағы ықтимал өзгерістер негізінде бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға түзетулер енгізу көзделеді.

Жыл	Іс-шаралар	Орындаушылар
2024-2029	Қазақстан Республикасы оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тұжырымдамасы бойынша жұмыстар жүргізу	Мектеп әкімшілігі
	Мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктері, қабілеттері, таланттары жайлы терең әлеуметтік-психологиялық зерттеулер жүргізу	Мектеп әкімшілігі, психологтар
	Пән мұғалімдерінің оқушылардың қажеттілігі мен қалауына орай өтетін қосымша жеке сабақтарын жолға қою, олқылықтармен жұмысты күшейту	Мектеп әкімшілігі
	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу	Мектеп әкімшілігі
	Оқушылардың жеке таланты мен дарынына сай элективтік курстар, үйірмелер мен клубтар ұйымдастыру	Мектеп әкімшілігі
	Оқушыларды оқулықпен, көркем әдебиетпен жүйелі қамтамасыз ету	Мектеп кітапханашысы З.Қошқарова
	Оқушылардың шығармашылықпен айналысу жұмыстарын жетілдіру Мектептегі ғылыми қоғам жұмысын жандандыру	Әдістеме жетекшілері МДБЖЖО А.Абасилова
	Мектепте олимпиада резервтерін даярлау жұмыстарын жетілдіру	МДБЖЖО А.Абасилова
	Мектеп оқушыларының TIMSS, PIRLS, PISA халықаралық зерттеулеріне қатысуына дайындықты қамтамасыз ету	Мектеп әкімшілігі

	Информатика, физика, химия, биология пәндерін ағылшынтілінде оқыта алатын кадрларды мектепке тарту	Мектеп әкімшілігі
	«Алтын белгі» белгісі мен Үздік аттестатқа үміткер оқушыларды іріктеп, қолдау жұмыстарын жүргізіу	Мектеп әкімшілігі
	Мектепшілік бақылауды күшейту, МІБ жоспарына сәйкес білімсапасын анықтау	Мектеп әкімшілігі
	Информатика, физика, химия, биология пәндерін ағылшынтілінде оқыту әдістемесі бойынша мұғалімдер біліктілігін арттыру	Мектеп әкімшілігі
	Қосымша білім беруді мына бағыттар бойынша жаңарту: көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экология-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, білім беру – сауықтыру және т.б.	Мектеп әкімшілігі
	Қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, халқымыздың ұлы тарихи тұлғалары, мәдени құндылықтарымыз жайлы мағлұмат беретін мектепшілік ғылыми-теориялық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, пікірсайыстарды жиі ұйымдастырып отыру	Мектеп әкімшілігі

